

Бестамақ «Болашак» балалар бақшасы

# *«Ормандағы тұлкінің түған күні» ертегісі*


**Откізген тәрбиеші: Жетіруова Ж.М**

**2022 жыл**

Ормандағы тұлқінің туған күні.

Орман. Эр ағаштың түбінде бір-бір аңнан отырады. Көңілді әуенмен билеп тулкі кіреді, аңдармен амандасады да әндегіп кетіп қалады. Аңдар таңданып бір-бірінен сұрайды.

**Аю:** Тұлкі бүгін көңілді ғой.



**Барс:** Оның себебі бар шығар.

**Тиін:** Сендер білмейсіндер ме? Бүгін тұлқінің туған күні.

**Аю:** Ендеше неғып тұрмыз, тұлқіні барып құттықтайық.

**Тиін:** Бос барғанымыз жарамас, дүкенге барып сыйлық алайык. (Бәрі дүкенге келеді)



**Хормен:** Сәлеметсіз бе, тышқан!

**Тышқан:** Сәлеметсіздер ме? Бәрің жиналып қайда барасындар?

**Тиін:** Тұлқінің туған күніне.

**Барс:** Айтыңызшы, тұлкіге не сыйласақ болады.

**Тышқан:** Тұлқінің туған күніне тәтті бәлішпен гүл сыйласандар болады.

**Аю:** Бұлда дұрыс екен, ал бұл тәтті бәлішпен гүл қанша тұрады?

**Тышқан:** Жұз теңге тұрады

**Барс:** Тышқан сізде бізбен бірге жүріңіз.


**Тышқан:** Жарайды, менде тұлқіні құттықтап келейін. (Бәрі дүкеннен шығады.)



**Тұлқі:** Сәлеметсіңдер· ме, достарым!

**Андар:** Сәлеметсің бе, тұлқі! Тұлқі тұған күнің құтты болсын!

**Аю:** Қымбатты тұлқі мынау біздің сыйлығымыз, қабыл алыңыз.



**Тұлқі:** Рахмет достарым, үйге кіріндер. Менің дастарханымнан дәм татындар. (Барлық андар үстелге жайғасып отырады, үстелдің үстінде бал, сәбіз, ет, алма, жаңғақ тұрады. Әркім өзі жақсы көретін тағамдарын алып жейді

**Тиін:** Асың дәмді екен рақмет! Көңіл көтеріп барлығымыз би билейік ән шырқайық.

